LG
Life's Good

SMART TV

Жылдам орнату нұсқаулығы

Құрылғыны қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып, анықтамалық құрал ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

www.lg.com

* Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
* Компьютерде немесе ұялы телефонда көрсетілген бейне амалдық жүйеге байланысты өзгеше болуы мүмкін.


Сымсыз желі байланысы





сымсыз маршрутизатор

Сымды желі байланысы



Интернет байланысы

Сымды маршрутизатор

ЖЕЛІ ПАРАМЕТРІ

Жоғары сапалы қолданбалар теледидарға алдын ала орнатылған. Олар елге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.


1 **HOME** түймесін БАСТЫ мәзірге өту үшін басыңыз. **Параметрлер** тармағын таңдап, **Дөңгелек (OK)** түймесін басыңыз.






Параметрлер


2 **ЖЕЛІ** опциясын → **Желі байланысы** мәзірін таңдаңыз.




3 **Байланысты бастау** түймесін басыңыз.




4 Құрылғы қол жетімді желіге қосылуға автоматты түрде әрекет етеді (алдымен сымды желі).




Егер «**Бас тарту**» опциясын таңдасаңыз немесе ол желіге қосыла алмаса, қол жетімді желілер тізімі көрсетіледі.
Қажетті желіні таңдаңыз.



🔒 таңбасы бар сымсыз маршрутизаторлар үшін қауіпсіздік кілтін енгізуіңіз керек.



5 Қосылған желі көрсетіледі.
Желі байланысын растау үшін «**Аяқтау**» түймесін басыңыз.
Егер «**Басқа желілер тізімі**» тармағын таңдасаңыз, қол жетімді желілер тізімі көрсетіледі.



ҚАЗАҚША

Желі ақауларын жою

1 **HOME** түймесін БАСТЫ мәзірге өту үшін басыңыз.






Параметрлер

2 **ЖЕЛІ** опциясын , → **Желі күйі** мәзірін таңдаңыз.



Желіңіздің күйіне қатысты төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Теледидарды немесе маршрутизаторды тексеріңіз.




✓ **болғанда теледидар пайда болады.**

❶ Теледидар, AP және кабель модемінің байланыс күйін тексеріңіз.
❷ Теледидар, AP және кабель модемінің қуатын өшіріп, қосыңыз.
❸ Тұрақты IP мекенжайын пайдалансаңыз, IP мекенжайын тікелей енгізіңіз.
❹ Интернет компанияларына немесе AP компанияларына хабарласыңыз.


- Сымсыз байланысты пайдаланғанда тексерілетін қосымша мәселелер
  ❶ Маршрутизатор параметрлерінің терезесінде сымсыз байланыстың кілтсөзін тексеріңіз.
  ❷ Маршрутизатордың SSID (желі атауы) идентификаторын немесе сымсыз арнаны өзгертіңіз.

Маршрутизаторды тексеріңіз немесе Интернет қызметінің провайдерінен көмек алыңыз.



✓ **болғанда теледидар мен қақпа пайда болады.**

❶ AP, кабель модемінің қуат сымын суырып, 5 секундтан кейін қайта қосып көріңіз.
❷ AP немесе кабель модемін бастапқы күйіне келтіріңіз (қалпына келтіру).
❸ Интернет компанияларына немесе AP компанияларына хабарласыңыз.



✓ **болғанда, теледидар, қақпа және DNS пайда болады.**

❶ AP, кабель модемінің қуат сымын суырып, 5 секундтан кейін қайта қосып көріңіз.
❷ AP немесе кабель модемін бастапқы күйіне келтіріңіз (қалпына келтіру).
❸ Теледидардың/маршрутизатордың MAC мекенжайы Интернет қызметінің провайдерінде тіркеулі екенін тексеріңіз. (Желі күйі терезесінің оң жақ тақтасында көрсетілген MAC мекенжайы Интернет қызметінің провайдерінде тіркеулі болуы керек.)
❹ Маршрутизатор өндірушісінің торабынан маршрутизаторда ең соңғы аппараттық-бағдарламалық құрал нұсқасы орнатылғанын тексеріңіз.

SmartShare PC SW Орнату және реттеу

Компьютеріңізге **SmartShare PC SW(DLNA)** және **SmartShare PC SW(MediaLink)** бағдарламасын орнатыңыз.

1 **www.lg.com** бетіне өтіңіз. Одан кейін аймағыңызды таңдаңыз.

2 Қолдау **Поддержка**. Одан кейін, үлгіңізді іздеңіз.


3 Драйверлер және бағдарламалық құрал **драйвера и ПО** немесе **ОБНОВЛЕНИЕ ПО.** Одан кейін, **SmartShare PC SW(DLNA)** және **SmartShare PC SW(MediaLink)** параметрлерін таңдаңыз.

4 Орнату аяқталғанда бағдарламаны іске қосуға болады.


ЕСКЕРТПЕ

- DLNA немесе Media Link қызметі теледидар мен басқа құрылғылар бір маршрутизатор арқылы қосылса қол жетімді болады.


Компьютерге DLNA байланысы




1 Nero Media Home 4 бағдарламасын іске қосыңыз және компьютеріңізде ортақ қалталар жасаңыз.
» **a** : «Бөлісу» түймесін басыңыз.
» **b** : «Қосу» түймесін басып, керекті қалтаны таңдаңыз. (DLNA функциясын қолдайтын файл пішімдерін Пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.)



2 Компьютер желісінің құрылғысы таңдалғанын тексеріңіз.



» **c** : Желі түймесін басып, дұрыс компьютер желісінің құрылғысы таңдалғанын тексеріңіз. (Кемінде бір желі құрылғысы таңдалуы керек.)
» **d** : «Серверді іске қосу» түймесін басыңыз.




3 Ортақ мазмұнды теледидардың Smart Share функциясы арқылы көруге және пайдалануға болады.

DLNA құрылғысы

» **e** : Мазмұнды компьютерден тамашалау үшін теледидардың Smart Share картасынан DLNA құрылғысын таңдаңыз.

Смартфонға DLNA байланысы

1 Смартфонда Wi-Fi мүмкіндігінің қосылғанын тексеріңіз.



2 Смартфонға мазмұнды бөлісуге арналған қолданбаны орнатыңыз немесе оны қосыңыз (Ол LG телефондарында SmartShare деп аталады).

3 Смартфоныңызда мазмұнды басқа құрылғылармен бөлісу мүмкіндігін қосыңыз.

4 Ойнатылатын файл түрін (фильм, аудио немесе фотосурет) таңдаңыз.

5 Теледидарда ойнатылатын фильмді, музыканы немесе фотосуретті таңдаңыз.


6 Таңдалған файлды ойнату тізіміне қосыңыз.

7 Файлдар ойнатылатын теледидар үлгісінің атын таңдаңыз. (Теледидар үлгісінің аты панельдің артқы жағында көрсетілген.)


8 Теледидарда көру және тамашалау үшін мультимедиалық файлды ойнатыңыз.

Мультимедиалық сілтеме байланысы

1 Бағдарламаны орнатқаннан кейін, компьютердің тапсырма жолағындағы Plex белгішесін(a) тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
Media Manager (b) (Мультимедиа менеджері) тармағын таңдаңыз да... керекті түрді (c) таңдаңыз.



2 Name (d): Экранда көрсетілетін бөлім атауын енгізіңіз.
Add(e): Қосу үшін компьютердегі бір қалтаны таңдаңыз. Теледидардан көргіңіз келетін файлдарды сақтау үшін бір қалта жасаңыз.
Add Section(f): Бөлім жасау үшін аяқтаңыз.
Теледидарды қосыңыз және Басты мәзірден Media Link (g)тармағын таңдаңыз.



* Файлды бөлісу туралы қосымша ақпарат алу үшін, www.plexapp.com/medialink торабына кіріңіз.

Wi-Fi Screen Share параметрі

HOME → ⚙ **Параметрлер → ЖЕЛІ → Wi-Fi Screen Share**

Wi-Fi Screen Share функциясы Wi-Fi Direct және WiDi сияқты сымсыз байланыс технологиясын қолдайды. Smart Share арқылы файлдарды немесе **Wi-Fi Screen share** құрылғысына жалғанған құрылғылардың экрандарын бөлісуге болады.



1 Егер **Wi-Fi Screen Share** функциясы Қосу мәніне орнатылса, қол жетімді құрылғылар тізімі пайда болады.
   » **Wi-Fi Screen Share** функциясын пайдалану үшін, ⚙ **Параметрлер → ЖЕЛІ** тармағына өтіңіз және **Wi-Fi Screen Share** (**a**) параметрін **Қосу** мәніне орнатыңыз.

2 Байланыс сұрау үшін нұсқау берілгенде, **Иә** тармағын таңдаңыз. **Wi-Fi Screen Share** енді теледидарға қосылды.


*Wi-Fi құрылғылары арасында кедергіні азайту мақсатында **Wi-Fi Screen Share** функциясын пайдаланбасаңыз, **Wi-Fi Screen Share** (**a**) параметрін **Өшіру** мәніне орнату ұсынылады. Wi-Fi Screen Share қызметін қолдайтын құрылғыларды ғана пайдалануға болады.

WiDi (Сымсыз дисплей) параметрі

WiDi термині сымсыз дисплей дегенді білдіреді. Ол — Intel WiDi байланысын қолдайтын, ноутбукте ойнатуға болатын AV ағынын қабылдайтын жүйе. Ол тек Live TV және сыртқы кіріс (тұтас/құрама/RGB/HDMI) үшін пайдаланылады. Осы режимдерден басқа компьютеріңіз LG Smart TV теледидарын анықтай алмайды.

1 **Wi-Fi Screen Share** функциясы **Қосу** мәніне орнатылған. Ноутбугіңізді AP құрылғысына жалғаңыз. (AP құрылғысынсыз осы функцияны пайдалануға болады; AP құрылғысына жалғау ұсынылады.) Ноутбугіңізде Intel WiDi( ) бағдарламасы іске қосылған.

2 Ол WiDi байланысын қолдайтын қол жетімді LG Smart TV теледидарларын анықтайды. Тізімде қажетті теледидарды таңдап, «Қосылу» түймесін басыңыз. Экранда көрсетілген 4 сандық нөмірді(**a**) ноутбугіңіздегі енгізу жолына (**b**) енгізіп, «Жалғастыру» түймесін басыңыз.



Теледидар экраны Ноутбук экраны

3 Теледидар экраны ноутбук экранында 10 секунд ішінде пайда болады. Сымсыз орта экран дисплейіне әсер етуі мүмкін. Егер байланыс нашар болса, Intel WiDi байланысы жоғалуы мүмкін.

* LG теледидарын тіркеу қажет емес.
* **Сандық дыбыс шығару** үшін теледидар дыбысының параметрі **PCM** мәніне орнатылған.
* Intel WiDi туралы қосымша ақпарат алу үшін, http://intel.com/go/widi торабына кіріңіз
* **Wi-Fi Screen Share** бағдарламасында WiDi құрылғысы ізделмейді. **Wi-Fi Screen Share** бағдарламасын жауып, Wi-Di құрылғысын іздеңіз.

Теледидардың аппараттық-бағдарламалық құралын жаңарту

HOME → ⚙ **Параметрлер → ҚОЛДАУ → Бағдарламалық құралды жаңарту**

Бағдарламалық құралды жаңартуды пайдаланып, соңғы нұсқаны тексереді және алады. Жаңартылмаса, белгілі бір функциялар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Сондай-ақ, қол жетімді жаңартуларды қолмен тексеруге болады.

Бағдарламалық құралды жаңарту	Оны **Қосу** күйіне орнатыңыз. Жаңартылған файл анықталғанда, файл автоматты түрде жүктеледі. Файл жүктеліп болғанда, бағдарламалық құралды жаңарту терезесі пайда болады.
Жаңарту нұсқасын тексеру	Орнатылған соңғы жаңарту нұсқасын тексереді. Жаңа жаңарту қол жетімді болғанда, жүктеу процесін қолмен орындауға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Соңғы нұсқаны сандық тарату сигналы немесе интернет байланысы арқылы алуға болады.
- Бағдарламалық құралды сандық тарату сигналы арқылы жүктеп алып жатқанда бағдарламаны өзгерту жүктеп алу процесін үзеді. Бастапқы бағдарламаға оралу жүктеп алуды жалғастыруға мүмкіндік береді.
- Бағдарламалық құрал жаңартылмаса, белгілі бір функциялар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- [Тек Нордтық үлгілер]
  Арна атауының астында «Жаңарту табылды» жазуын көргенде, қызыл түймені басып, LG OTA қызметінің сандық теледидар арнасында бар-жоғын тексеруіңізге болады.

ҚАЗАҚША



Егер проблемалар орын алса, LG компаниясының тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.